

Оқу-әдістемелік комиссияның
отырысында қаралды
2024 ж. 14.08.24
№ 1/2024
Құттықтама

Бекітемін
Директор С.М. Нұралин
2024 ж. 14.08.24

«ЕСЕТ БАТЫР АТЫНДАҒЫ ОЛИМПИАДА РЕЗЕРВІНІҢ ОБЛЫСТЫҚ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КОЛЛЕДЖ-ИНТЕРНАТ-КОЛЛЕДЖІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІНІҢ 2024 — 2029 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

І. БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

Атауы	«Есет батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған колледж-интернат-колледжі» КММ 2024-2029 жылдарға арналған колледжтің даму бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	1. <i>Нормативтік-құқықтық негіздер:</i> Стратегиялық жоспар келесі негізгі заңнамалық және стратегиялық құжаттарға сүйене отырып әзірленді: - Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; - Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы; - Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдаулары (2023, 2024 жж.) – адами капиталды дамыту, бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау, жастарды қолдау бағыттары; «Білімді ұлт» саналы білім беру ұлттық жобасы (2021–2025 жж.); - ҚР Үкіметінің техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытуға бағытталған стратегиялық бастамалары; - Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы; - ҚР Орта білім беру мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы; - WorldSkills стандарттары мен кәсіби құзыреттерін дамыту жөніндегі ұсынымдар. 2. <i>Әлеуметтік және аймақтық негіздеме:</i> - Ақтөбе облысында кәсіби спорт пен техникалық мамандықтарға сұраныстың артуы; - Жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін шешуге бағытталған кадр даярлау жүйесін жетілдіру қажеттілігі; - Ауылдық және аймақтық жерлердегі дарынды жастарға тең мүмкіндік беру міндеті; - Колледждің интернаттық үлгіде жұмыс істеуі – шалғай елді мекендердегі оқушыларға қолжетімді білім берудің тиімді құралы. 3. <i>Институционалдық негіздеме:</i> - Колледждің 2017 жылы құрылып, осы уақытқа дейін 52 студентке білім беру арқылы спорт пен техникалық білімді ұштастыру бағытында жұмыс істеп келе жатқаны; - Жетістіктерге қол жеткізу үшін инфрақұрылымды жаңарту, кадрлық әлеуетті күшейту, заманауи білім беру технологияларын енгізу қажеттілігі; - Колледжді өңірлік спорттық және техникалық білім беру

	кластеріне айналдыру әлеуеті. 4. Стратегиялық қажеттілік пен өзектілік: • Колледж дамуын жүйелі, кезен-кезеңімен басқару қажеттігі; • 2024–2029 жылдар аралығында білім беру мазмұны мен форматын заман талабына сәйкестендіру; • Олимпиада резервін дайындау жүйесін жетілдіру, спорттағы жоғары нәтижелерге жету үшін жағдай жасау; • Қоғам мен еңбек нарығы талаптарына сәйкес жана мамандықтар мен кәсіби бағыттарды енгізу;
Негізгі әзірлеуші	Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, «Есет батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған колледж-интернат-колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен шығармашылық тобы
Мақсат	Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту бағытындағы стратегиялық құжаттарға сәйкес, білім мен спортты ұштастырған кәсіби мамандар мен жоғары жетістіктерге жететін спортшылар даярлау.
Міндеттері	- Олимпиадалық резервке кіретін жас спортшыларды, сондай-ақ техникалық және спорттық бағыттағы мамандық иелерін даярлау арқылы елдің спорттық әлеуеті мен кадрлық ресурсын дамыту. - оқытушылардың, жаттықтырушылардың кәсіби біліктілігін үздіксіз арттыру; - білім алу мүмкіндігіне жағдай туғызу; - білім алу үрдісін оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету; - білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру; - білім алушының зияткерлік, рухани - адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету; - материалдық - техникалық базаны нығайту; - педагогикалық білім беруді жаңғырту; - оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету
Күтілетін нәтижелер	2029 жылға қарай Қазақстандағы жетекші спорттық-техникалық білім беру ұйымдарының қатарына енеді. Критериялы бағалау қолдану арқылы, білім көрсеткіштері жоғарылайды. Салауатты өмір салтын ұстанған функционалды сауатты, бойында отаншылдық, көшбасшылық қасиеттері қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Материалдық- техникалық ресурстармен колледж базасы толықтырылады.
Іске асыру мерзімдері	2024– 2029жж. (2024– 2025жыл) Дайындық (2025– 2027жыл) Практикалық (2027 – 2029 жыл) Нәтижелік <i>1-кезең: Дайындық кезеңі (2024–2025 жылдар)</i> Мақсаты: Колледждің стратегиялық дамуына қажетті алғышарттарды қалыптастыру, материалдық және кадрлық ресурстарды жоспарлау, білім беру мен спорттық процестерді жаңғыртуға дайындық жасау. Негізгі іс-шаралар: • Материалдық-техникалық базаны бағалау және жаңарту жоспарын жасау; • Педагогтар мен жаттықтырушылардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру;

	• Жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу; • Ақпараттық жүйелер мен цифрлық платформаларды кезең-кезеңмен енгізу; • Серіктестермен және демеушілермен келісімдер жасау.
	<i>2-кезең: Практикалық кезең (2025–2027 жылдар)</i> Мақсаты: Дайындық кезеңінде әзірленген іс-шараларды толыққанды іске асыру, оқу мен спорттық үдерістерді жүйелеу, жаңа мамандықтар мен жобаларды енгізу. Негізгі іс-шаралар: • Жаңа оқу-өндірістік шеберханалар мен спорттық инфрақұрылымды іске қосу; • Дуальды оқыту элементтерін енгізу; • Жаңа мамандықтар мен курстарды ашу; • Халықаралық және республикалық жарыстарға қатысушылардың санын арттыру; • Жұмыс берушілермен нақты әріптестік байланыстар орнату; • Ішкі және сыртқы аудит жүргізу арқылы процестердің сапасын бақылау.
	<i>3-кезең: Нәтижелік кезең (2027–2029 жылдар)</i> Мақсаты: Жүргізілген жұмыстардың нәтижесін бағалау, тиімді тәжірибелерді тұрақтандыру және келесі даму кезеңіне негіз болатын басқару моделін қалыптастыру. Негізгі іс-шаралар: • Барлық бағыттар бойынша мониторинг және қорытынды талдау жүргізу; • Жеткен жетістіктер негізінде даму көрсеткіштерін жүйелеу; • Инновациялық басқару мен сапаны қамтамасыз ету жүйесін тұрақтандыру; • Жұмыс беруші және серіктестер тарапынан кері байланыс негізінде қызметті бағалау; • Алдағы кезеңге арналған ұзақмерзімді даму стратегиясын дайындау.

II. КІРІСПЕ.

Қазақстан Республикасында білім беру мен спорт саласын дамытудың стратегиялық басымдықтары – өскелең ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу, кәсіби тұрғыдан қалыптастыру және халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Мемлекеттік бағдарламалар мен ҚР Президентінің Жолдауларында білім мен спортты ұштастыра отырып, кәсіби кадрларды даярлау, дарынды жастарды қолдау және олардың әлеуетін дамыту негізгі міндеттердің бірі ретінде белгіленген.

Осы бағытта 2017 жылы құрылған **Есет батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі** техникалық және спорттық білім беру саласында аймақтық маңызы бар мекеме ретінде жұмыс істеп келеді. Колледждің басты мақсаты – олимпиадалық резервке кіретін спортшылар мен техникалық бағыттағы мамандарды даярлау арқылы елдің кадрлық және спорттық әлеуетін күшейту.

Қазіргі уақытта колледжде 52 студент білім алууда. Олар спорт және кәсіптік білім беру бағытында даярланып, түрлі деңгейдегі жарыстарда жүлделі орындар иеленіп келеді. Оқу орнында білім беру мен спорттық дайындық үдерістері бір-бірімен үйлесімді түрде ұйымдастырылған, бұл болашақ чемпиондар мен кәсіби мамандарды дайындауға тиімді жағдай жасайды.

Осы 2024–2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары колледждің сапалы білім беруді қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базасын жаңарту, кадрлық әлеуетті арттыру, спорттық нәтижелерді жетілдіру және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту бағыттарында кезең-кезеңімен дамуын қамтамасыз етуге арналған.

III. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1. Білім беру ұйымының атауы: «Есет батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған колледж-интернат-колледжі» КММ
2. Колледж директоры: Жетимеков Еркін Тлешович
3. Мекен-жайы: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Родниковая көшесі 1Б
4. Жалпы аумағы (м²): 6017,4
4. Телефон: 8 (7132) 996102
5. Электронды мекен-жайы: eset-batir@mail.ru
6. Электронды сайты: <https://esetbatyr-sport.edu.kz/>
7. Заңды тұлға куәлігі: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама № 160940005212 (4 желтоқсан 2017 жыл) Ақтөбе облысының Әділет департаменті
8. Аттестаттаудан өткен уақыты: 2023 ж.
9. Жобалық сыйымдылығы: 60 білім алушыға арналған.
10. Қазіргі оқушы саны: 52
11. Педагог қызметкерлер саны: 13
12. Жұмыс уақыты: 8⁰⁰ - 17⁰⁰
13. Оқыту тілі: қазақша

IV. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

1. Білім беру сапасын арттыру
 - Оқу бағдарламаларын жаңғырту;
 - Сандық технологияларды енгізу;
 - Пәндік және кәсіби құзыреттілікті арттыру.
2. Спорттық жетістіктерге жету
 - Жергілікті және халықаралық жарыстарда жеңістерге қол жеткізу;
 - Олимпиада резервіне кадр даярлау;
 - Заманауи спорт жабдықтарын орнату.
3. Материалдық-техникалық базаны дамыту
 - Оқу кабинеттерін, спорт залдарын және жатақхананы жаңарту;
 - Мультимедиялық және инновациялық құралдарды енгізу.
4. Кадрлық әлеуетті күшейту
 - Мұғалімдер мен жаттықтырушылардың біліктілігін арттыру;
 - Әлеуметтік қолдау жүйесін енгізу.
5. Әлеуметтік серіктестік және халықаралық ынтымақтастық
 - Жұмыс берушілермен байланыс орнату;
 - Шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық.

V. БАҒДАРЛАМАРЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Кезең	Мерзімі	Мақсаты	Негізгі іс-шаралар
1-кезең: Дайындық және базалық жаңғырту	2024–2025 жж.	Инфрақұрылымды нығайту және кадр әлеуетін арттыру	- Спорттық және оқу ғимараттарын күрделі жөндеу - Цифрлық сыныптарды енгізу - Педагогтар мен жаттықтырушыларды қайта даярлау - Білім беру бағдарламаларын жаңарту
2-кезең: Жүйелі даму	2026–2027 жж.	Жаңа мамандықтар мен серіктестіктерді дамыту	- Дуальды оқыту жүйесін енгізу - Жаңа оқу-өндірістік шеберханалар ашу - Халықаралық серіктестік орнату - Жас мамандарды тарту және қолдау
3-кезең: Көшбасшылық және тұрақты өсу	2028–2029 жж.	Ұлттық деңгейде танымал болу және халықаралық тәжірибеге шығу	- Халықаралық жарыстарға қатысу - WorldSkills чемпионаттарына қатысушыларды дайындау - Бітірушілерді еңбек нарығына толық бейімдеу - Колледж-интернат жүйесін жетілдіру

VI. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Көрсеткіштер	2024	2026	2029
Оқушылар саны	52	60	100+
Жаңа мамандықтар саны	1	3	5
Оқытушылар мен жаттықтырушылардың халықаралық дәрежеде біліктілігін арттыру	30%	60%	90%
Жеңістер саны (республикалық жарыстар)	10	20	30+
Жеңістер саны (халықаралық жарыстар)	2	5	10
Жаңғыртылған сыныптар мен шеберханалар	3	7	10+

VII. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

- Республикалық және жергілікті бюджеттер;
- Мемлекеттік және халықаралық гранттар;
- Демеушілер мен жеке инвестициялар;
- Әлеуметтік серіктестік жобалары.

VIII. ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН ОЛАРДЫ БАСҚАРУ

Тәуекел	Сипаттамасы	Басқару тәсілі
Қаржы тапшылығы	Қажетті қаражаттың жетіспеуі	Қосымша қаржы көздерін тарту, гранттар мен демеушілік
Кадр тапшылығы	Білікті мамандардың жетіспеуі	Жас мамандарды тарту, біліктілікті арттыру курстары
Инфрақұрылымның тозуы	Ескі ғимараттар, жабдықтар	Жөндеу жұмыстары, жаңғырту жобалары
Спортшылар мен оқушылардың кетуі	Басқа оқу орындарына ауысу	Жағдайды жақсарту, мотивациялық жүйе

IX. ҚОРЫТЫНДЫ

2024–2029 жылдарға арналған бұл стратегиялық жоспар колледждің техникалық және спорттық білім беру жүйесінде алатын орнын нығайтып, халықаралық деңгейдегі спортшылар мен білікті мамандар даярлауға нақты жол ашады. Даму кезеңдері мен нақты іс-шаралар оқу орнының тұрақты өсуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жоғарыда аталған үш кезең — колледждің сапалы дамуын қамтамасыз ететін бірізді, нақты жоспарланған іс-шаралардың жиынтығы болып табылады. Дайындық, практикалық және нәтижелік сатылардың үйлесімді орындалуы арқылы колледж техникалық және спорттық білім беру саласында аймақтық әрі республикалық көшбасшы оқу орнына айналады.